

ЛЕКЦИЯ 3. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚР ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕГІ САЛАСЫНДАҒЫ БӨЛІНУІ.

1. Жоспары:

1. Ұлттық спорт түрлеріндегі жіктеу жүйелеу.
2. Ұлттық спорт түрлеріндегі техника қауіпсіздігі мен терминологиясы
3. Ұлттық спорт түрлері және ұлттық қозғалыс ойындары.
4. Ұстаз-жаттықтырушыға қойылатын талаптар. Студенттерге қойылатын талаптар

2 Мақсаты мен міндеттері: Студенттерге теориялық білім беру, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету

3 Лекция мазмұны (қысқаша): XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында Сібірге жер аударылған поляк А.Янушкевич өзінің жазып жүрген күнделіктерінде қазақтың ойын сауығының халықтық тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен қоршаған ортамен астасып жатқанын таң-тамаша еткенін сөз етеді. "Кешкісін біздің үйде бір қызық болды. Ол әр түрлі аңдар мен құстардың, әсіресе, түйенің, құланның, бүркіттің дауысын айнытпай салады. Бұны одан артық айнытпай салу ешкімнің қолынан келмейді" - деп таң-тамаша болған.

Қай халық болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан, халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар сауатты зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Бізге дейін де қазақтың ұлттық ойындарының ел арасындағы беделі, қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар да көп ізденді. Оған көптеген жарық көрген ғылыми еңбектер куә. Оған орыстың отарлау саясаты тұсындағы алғашқы орыс шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділердің өмірі туралы зерттеу жұмыстарды; кешегі Кеңес дәуіріндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектерді; одан келе мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулудағы педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтарды; тәуелсіздігіміз орнағаннан кейін 1991 жылдан қазірге дейінгі аталмыш тақырыпқа сәйкес ізденістерді айта аламыз.

Ә.Диваев, А.Алекторов, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Гуннер, М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Болғымбаев, Ә.Бүркітбаев, И.Давыдов, Л.Былеева, В.Яковлев, Н.Поддякова, Н.Михайленко, Д.Куклова, Д.Хухлаева, М.Контарович, М.Жұмабаев, Л.Михайлова, А.Быкова, Е.Мұхиддинов, А.Құралбекұлы, С.Әкімбайұлы, А.Айтпаева және т.б.

ғалымдар еңбектерінде түркі тілдес халықтарының ұлттық ойындарын жан-жақты зерттеп, жік-жікке, топ-топқа бөліп қарастырған.

Белгілі ғалым-ағартушыларымыз А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин ұлттық ойындардың балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен атын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы.

Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

- жалпы ойындар;
- қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
- ашық алаңқайдағы ойындар;
- қыс мезгіліндегі ойындар;
- демалыс ойындары;
- ат үстіндегі ойындар;
- аттракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі М.Гуннердің толықтырып, өңделген кітабы дәлел. XX ғасырдың басында көшпенді халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қалмақ, т.б. отар елдері туралы этнографиялық деректер жинақтап, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы – халық ойындары, оның ішіндегі құрамдас бөлшегі болар ойынын жинап зерттеуді Түркістан генерал-губернаторы арнайы шенеуніктер мен миссионер ғалымдарға жүктеген. Орыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында Ферғана және Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының бірнеше түрлерін ажыратып, топқа бөліп, нақты зерттеген.

Қазақтың ұлттық ойындары туралы үлкен зетту жүргізген ғалым Б. Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары». атты еңбегінде қазақтың ұлттық ойындарының дамуына теориялық тұрғыдан баға бере келіп ұлттық ойындар түрлерін үлкен төрт топқа бөліп қарастырады:

- салт-дәстүр негізінде дүниеге келген ұлттық ойындар;
- жастар ойыны;
- қозғалмалы ойындар деп бөлінген. Алғашқы топтағы ойындардың өзін бірнеше топтамаға бөледі оларға қарапайым халықтың еңбек үрдісімен байланысты мерекелік ойындар, мысалы, «ақ боран», «қалтырауық», «қамыр кемпір» ойындарын кіргізсе, келесі
 - екінші топтамадағы ойындарды дәстүрлі халық ойындары деп атап, олардың қатарына «қазақша күрес», «жаяу жарыс», «жамбы ату», «күміс алу», «қыз қуу», «көкпар тарту», «жорға жарыс» ойындарын енгізеді.

Үшінші топтамада халықтың жерге байланысты әдет-ғұрып, дәстүрімен ұштасқан ұлттық ойындары деп атаған.

Бұдан кейінгі топтамадағы ұлттық ойындар табиғаттың кеңістігінде ойналатын ұлттық ойындар деп аталған.

А. Диваев ұлттық ойындарды жинаумен қатар, ойындарды ойнаушы адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай бөліп көрсетеді. Мысалы: жеті жасқа дейінгі балалар ойыны, жеті жастан он бес жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған ойындар, он бестен отызға дейінгі ересектер ойыны.

Бірінші теориялық ұсыныс жас ерекшеліктерге бөлу.

А. Диваевтың бұл еңбегі ұлттық ойындарды тұңғыш рет классификациялық бөлініс жасалған еңбек болып табылады.

Тағы бір күрделі мәселе ойынның атауына байланысты, оған себеп бір ойын түрінің Қазақстанның әр жерінде әртүрлі атпен аталуы. Осыған байланысты бір ойын түріне неғұрлым дәл атау беру арқылы ойынның бір түрін қалыптастыру болып табылады.

Сағындықов Е.С. өзінің «Қазақтың дидактикалық ойындарын сабаққа пайдаланудың кейбір жолдары» атты еңбегінде ұлттық ойындарды үш салаға бөледі: Ойын сауық ойындары, оймен келетін ойындар, дене шынықтыру мен спорт ойындары.

Дене тәрбиесі мен спорттың белгілі үлкен ғалымы педагогика ғылымдарының докторы, профессор М. Таникеев ұлттық спорттың дамуын Кеңес Одағы кезінде қорғап жанашырлық танытып, осы саланың Қазақстанда және бүкіл дүние жүзінде танылуына үлес қосып көптеген ғылыми маңызы үлкен кітаптар жазды. Оның жазған ұлттық ойындар мен спорттың тарихы, Қазақстандағы дене тәрбиесі тарихы, ұлтаралық қатынасты дамытудағы дене

тәрбиесі мен спорттың ролі т.б. үлкен еңбектерінде ұлттық дене тәрбиесіне үлкен орын береді.

М. Таникеев ұлттық ойындарды төмендегідей топтарға бөледі: қазақтың халық ойындары, спорттық ойын түрлері және ат үстінде ойналатын ойын түрлері. Осы бөлулерден көретініміз барлық ұлттық ойындар бір халық ойындары деген топтың ішінде болуы.

Ұлттық ойындардың үлкен маманы ғалым Б.Төтенаев ұлттық ойындардың дамуын Кеңес Одағы кезінде зерттеп, оның халқымыздың үлкен мұрасы екендігін дәлелдеп көрсеткен ғалымдардың бірі болды. Ол ұлттық ойындарды төмендегідей топтарға бөліп үлкен жұмыс атқарды:

1. Салт-дәстүрлер негізіндегі ұлттық ойындар, оларға:

- Мерекелік ойындар;
- Дәстүрлі халық ойындары;
- Халықтың тұрғылықты жеріне байланысты әдет ғұрып дәстүрмен ұштасқан ұлттық ойындары;

2. Жастар және қозғалмалы ойындар, оларға:

- Бір- үш жасқа дейінгі бала ойыны, бесік жыры негізінде;
- Табиғат кеңестігінде ойналатын ұлттық ойындар;
- Жан жануарға еліктеп ойнайтын ұлттық ойындар;
- Затпен, ойын құралы арқылы ойналатын ұлттық ойындар;
- Ойын құралынсыз ойналатын ойындар

Б.Төтенаевтың осы топтауларынан біз ұлттық ойындардың көптеген салаларға бөлінетіндігін көре отырып «Салт-дәстүр негізіндегі ұлттық ойындар» мен «Жастар және қозғалмалы» ойындар арасында бір-бірімен ауысудың көп екендігін байқадық.

Ұлттық ойындар оның ішінде қазақ күресі, Қажымұқан балуан туралы елеулі еңбектер жазған ғалымдардың ішінде Ә.Бүркітбаевтың еңбегі үлкен. Ол ұлттық ойындардың тәрбиелік мәніне баса көңіл бөле отырып оларды **«Өзін-өзі және өзінің қаблетін бөлу ойындары деп топтайды»** Ә.Бүркітбаев. «Спорттың ұлттық ойын түрлері» атты еңбегінде 1985.

Ұлттық ойындарды топтау, жүйелеуге көңіл бөлген ғалымдардың бірі Ж.М.Төлегенов ол ойындарды төмендегідей топтарға бөледі:

- Қимыл жылдамдылығын ептілікпен үйлесімділікті дамытуға бағытталған ұлттық ойындар;
- Күшті, төзімділікті дамытатын ұлттық ойындар;
- Зейін мен қимыл тездігін тәрбиелейтін ойындар;
- Лақтыру қимылын дамытатын ойындар;
- Негізгі қимылдық сапаларды дамытуға байланысты ойындар.

Біз бұл топтаулардан көретініміз **Ж.Төлегенов ойындарды адамның қозғалыс және дене күш қабілеттері түрлеріне қарай топтайды.**

Ғалымдар А.Құралбекұлы мен С.Әкімбайұлы қазақтың ұлттық ойындарын тұлғалық-салауаттық классификация деп бөліп оларды төмендегідей топтарға таратады:

- **Еңбек тұрмыс ойындары;**
- **Денешынықтыру спорт ойындары,** оларды:
 - а) Жедел дене шынықтыру спорт ойындары;
 - б) Баяу қимылды денешынықтыру спорт ойындары.
- **Ойлау арқылы орындалатын ойындар.**

Біз осындай топтарға бөлген жағдайда байқайтынымыз қазіргі кездегі спорттық түрлеріне жататын ат спорты, күрес т.б. денешынықтыру спорт ойындарына, ал тоғызқұмалақ, дойбы т.б. ойындары жеке топтарға бөлінгендігі. Сонымен қатар денешынықтыру спорт ойындарының өзін **жедел және баяу** ойналатын ойындар түрлеріне бөлуімен ерекшеленеді.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Б.Мендалиев ұлттық ойындарды төмендегідей топтарға бөледі:

- **Мазмұнды сюжетті ойындар;**
- **Сюжетсіз ойындар;**
- **Қызықтырғыш ойындар.**

Ойындарды осындай топтарға бөлу мектеп жасына дейінгі балалар ойындарына қолайлы екендігін көреміз.

Спорт жаттықтырулары дене тәрбиесі жүйесінің бір бөлігі болғандықтан оның барлық әдістеріне үйретудің әдістемелері қолданылады.

Негізінде спорт жаттығуларына дене қуаты қасиеттерін, қозғалыс шеберлігін жоғарғы дәрежеде дамытуға бағытталған қатаң шектелген жаттығу әдістері қолданылады. Олар : бір қалыпты орындау, қайталау, аралық орындау әдістері.

1. Ұзақ уақытта орындалатын бірқалыпты қайталау мен ауыспалы қайталау әдістерін циклдік спорт түрлерімен жаттығатын спортшыларды дайындауда қолданған жөн. Ол әдістер ұзақтығын, толассыздығымен және бірқалыптылығымен білінеді (төзімділік қасиетін дамытады).

2. Ауыспалы жаттығу әдістері-жаттығуды орындау қарқыны тез өзгертін спорт ойындарында көп қолданылады.

3. Аралық қайталау және үдемелі жаттығу әдістері тынығу аралығының уақытын қысқарту және жүктемені көбейту арқылы ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін дамытады.

Жаттықтырушы – бапкер бұл болашаққа ұмтылған адам. Оның қызметі жеткіншіктерді қалыптастыруға, солардың алдағы жағдайының өзгеруіне

карай қажыр-қайратын жетілдіруге, белсенділігін арттыруға бағытталған. Л.Н.Толстой былай деп жазды: болашаққа жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат қана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады. Бұл жоғарыдағы пікірден туатын ой, әрбір шәкірт баулушы, бапкер - кілем шетінде болашақ ұрпақтың отырғандығын әрдайым есте сақтауы тиіс.

Француз жазушы, әрі ойшылы Антуан де Сент-Экзюпери: Әлемде сезімін оятуға ешкім жәрдемдеспеген көп адам бар,- деген екен. Сондықтан да спорттық-жаттығу сабақтарының тек қана қара күшті аңсамай: адамның адамгершілік негізін ояту, өмірдегі ең алдымен тән мен жан сұлулығы гармониясының келтіру жаттықтырушы – ұстазға жүктеледі. Мұның өзі үлкен тәрбиелік мәселе. Себебі: интеллект интеллектімен ұшталып шыңдалады, мінез-құлық мінез-құлықпен кемелденеді, жеке адам жеке адаммен қалыптасады. Д.И.Менделеев – «ғылымды өзі жетік білетін, оны меңгерген және оны жақсы көретін ұстаз ғана шәкірттеріне жемісті қызмет ете алады» - деп жазды.

4 Оқытудың техникалық құралдары: интеракт. тақта, проектор т.б.

5 Лекцияның әдістері мен түрлері: сұрақ-жауап, дөңгелек үстел

6 Әр түрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар

1 деңгей

- Ұлттық спорт түрлеріндегі жіктеу жүйелеу.

2-деңгей

- Ұлттық спорт түрлеріндегі техника қауіпсіздігі мен терминологиясы

3-деңгей

- Ұлттық спорт түрлері және ұлттық қозғалыс ойындары.

7 СӨЖ және ОБСӨЖ тапсырмалары (Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма нұсқаулары көрсетіледі)

- Ұстаз-жаттықтырушыға қойылатын талаптар. Студенттерге қойылатын талаптар

8 Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Физическая подготовка единоборцев. Теоретико-практические рекомендации. ТВТ Дивизион Москва-2017 Д.В.Максимов, В.Н.

2. Ұлттық спорт ойындары. Оқу құралы. Альманахь. Алматы-2019.

Б.А.Шилібаев.

3. Е.Алимханов. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Қазақ университеті баспасы. Монография. Алматы-2018.

4. Казакша курес. Учебное пособие. Алматы. Мектеп. 2011.

П.Ф.Матушак, Е.М.Мухиддинов.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ұлттық ойындар арқылы жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. Тұран. Түркістан-2017. Н.К.Жилисбаев., Е.Е.Сейдахетов